

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 қарашадағы № 1291 Қаулысы

«2011 – 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңына және «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының

Үкіметі**ҚАУЛЫ**

ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін 2011 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен Жапонияға ресми ізгілік көмек көрсету шеңберінде ізгілік жүгін әуе көлігімен жеткізу жөніндегі көлік шығыстарын өтеу үшін 55235192 теңге (елу бес миллион екі жүз отыз бес мың бір жүз тоқсан екі) сомасында қаражат бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі бөлінген қаражаттың пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*